

егемен

АБРАХАМ

## **Конституция – қазақстанның қарышты дамуының негізі**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы республикалық референдумда қабылданғанына биыл 22 жыл толып отыр. Халық қалауының көрінісі іспеттес Республика Конституциясы осы жылдар ішінде мемлекеттің өркендеп дамуының бекем іргетасына және ұлттық құқықтық жүйенің түп қазығына айналды. Негізгі Заңды қатаң сақтау және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы айқындап берген дұрыс бағыттың арқасында, Қазақстан тарихи өлшемдегі қасқағым мерзімде егемен және тең құқылы мемлекет ретінде қалыптасып қана қоймай, әлемдегі бәсекеге неғұрлым қабілетті 50 елдің қатарынан көрінді. Енді «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты мақсаты – әлемдегі дамыған 30 елдің легіне еруге ұмтылуда.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі ретіндегі миссиясы, сондай-ақ, Астанада өтіп жатқан, жаһандық экономиканың дамуына деген заманауи көзқарасты көрсететін және азаматтарымыздың әл-ауқаты одан әрі артуына, еліміздің халықаралық аренадағы беделі өсуіне қызмет ететін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі осының жарқын айғағы болып табылады. Өз кезегінде, Республика Конституциясы сіресе қатқан құжат күйінде қалмай, қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық және өзге де жағдайлардың пісіп-жетілуіне қарай, өткізіліп отырған реформаларға құқықтық база жасап және қоғамдық қатынастар конституциялық жолға түсуінің тиісті деңгейін қалыптастырды. Әрі заманауи қыр көрсетулер мен трендтерге барабар өзгертіліп отырды. Сол арқылы Негізгі Заңның тұрақтылығы мен серпінділігі арасында қажетті тепе-теңдікке қол жетіп, оның жасампаз мүмкіншіліктері кезең-кезеңмен кеңірек ашылды. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың оған деген сұранысы арта түсті. Мемлекеттің саяси-құқықтық дамуындағы жаңа парақты ашқан 2017 жылғы конституциялық реформа тағы бір ауқымды қайта құру болды. Оның мән-мазмұны президенттік басқару нысаны шеңберінде Президенттің билік өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметтің арасында қайта бөлуге, соңғы екеуінің дербестігін және елдегі жағдай үшін жауапкершілігін күшейтуге, конституциялық бақылауды арттыруға ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтарды, адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерін нығайтуға, құқық қорғау жүйесінің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін өзі басқарудың негіздерін жаңғыртуға келіп саяды. Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы – демократияға комиссиясы (Венеция комиссиясы) өзінің қорытындысында Қазақстанның конституциялық өзгертулері мемлекетті

демократияландыру жолында алға басылған қадам деп атап өтті. Реформа елдің одан әрі дамуына дұрыс бағыт сілтейді және айқын прогрестің айғағы болып табылады. Конституцияның кіріспесіне және 1-бабына Қазақстанның әлемдік құндылықтарды ұстанатыны – өзін адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны туралы идея енгізілді. Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу Республика қызметінің түбегейлі принциптері деп жарияланды. Ата Заңның бұл ережелерінің бәрі конституциялық құрылыстың негізін қалыптастырады, қоғам мен мемлекет дамуының түбегейлі бастауларының жүйесін құрайды және осы ережелер тиісінше іске асырылған жағдайда, мемлекеттіліктің нығаюын, оның жоспарлы түрде әрі тиімділікпен дамуына жол ашады. Еліміздің Конституциясы, тікелей қолданылатын аса маңызды нормалардың жиынтығы ретінде, қоғамдық-саяси құрылыстың мызғымастығы мен тұрақтылығының сөзсіз және белгілі мағынада басты кепілі болып табылады. Ол еліміздің конституциялық қауіпсіздігінің іргетасы тұрғысында қоғамның, мемлекет пен тұлғаның қауіпсіздігі тепе-тең болуын, олардың өзара қарым-қатынасында тәртіп орнауын қамтамасыз етеді. Сондықтан кез келген мемлекеттің ең басты парызы және міндеті – конституциялық ережелердің неғұрлым іске асырылуын қамтамасыз ету, конституциялық құндылықтар мен талаптарға кепілдік беру, оларды іске асыру. Демократиялық және имандылық-құқықтық әлеуеті неғұрлым кең пайдаланылса, Конституцияның құндылығы да соғұрлым жоғары болады. Негізгі Заңымызды бұлжытпай сақтау – Қазақстанның өркендеуінің, еліміздегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың нығаюына кепілдік береді. Конституциялық құндылықтардың маңызы азаматтық қоғам дамып, жетілуінің, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйіне ықпалы бар оның құқықтық мәдениетінің деңгейіне тікелей байланысты. Мемлекет басшысы өзінің сөйлеген сөздерінде ХХІ ғасырдағы табысты қоғам – бұл заң тұрғысынан сауатты адамдар қоғамы деп бірнеше мәрте атап өткен болатын. Ал заң тұрғысынан сауаттылықтың бастауы, бірінші кезекте – Конституцияны білу. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырмай, әрбір азаматтың бойында Ата Заңға деген терең құрмет сезімін тәрбиелемей, оның нормативтік ережелерін күнделікті тұрмысымызға сіндіруге тікелей және белсенді араласуға дайындықты қалыптастырмай, экономикалық, саяси және әлеуметтік міндеттерді шешуге болмайтынын уақыт көрсетті. АҚШ-тың танымал заңгерлерінің бірі – Л. Фридман өзінің «Американың құқығына кіріспе» атты кітабында былай деп жазады: «Құқықтық мәдениет – бұл сол

немесе өзге бір заң практикада қаншалықты жиі қолданылатынын немесе бұзылатынын, одан қалай жалтаратынын немесе оны қалай теріс пайдаланатынын айқындайтын қоғам өмірінің барометрі, сонымен бірге қоғамдық күш те болып табылады. Құқықтық мәдениет жоқ жерде құқықтық жүйе де қауқарсыз». Осы жылдар ішінде Республикада конституциялық патриотизм мемлекеті мақсатты түрде қалыптастырылып келеді. Оның басты қағидаттары – құқықтың үстемдігі және құқықтық тәртіп, жаппай заңға бойұсыну және қауіпсіздік, еркіндік және жауап-кершілік. Қолға алынған шаралар нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің де, азаматтардың да құқықтық санасында елеулі өзгерістер болды. Бұл орайда, Қазақстан Президентінің жуырда жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы осы мәселелерді де қамтитын, бағдарламалық сипаттағы кезекті бір сындарлы құжат. Саяси және экономикалық реформалардың өзегі саналатын қоғамдық сананы жеделдете жаңғырту осы мақаланың мазмұнын құрайды. Қоғамдық сана өз кезегінде құқықтық мәдениеттің бір элементі болып табылатын құқықтық сананы да қамтиды. Сондықтан қоғамдық сананы ойдағыдай жаңғырту барлық субъектілердің, мемлекеттік институттардың да, азаматтық қоғам институттарының да, азаматтардың да құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған шараларды және нақты жобаларды әзірлеуді қажет етеді. Бұл тұрғыдан кең ауқымды дүниетанымдық және идеологиялық жұмыс жасалуы тиіс. Жаппай заңға бойұсыну конституциялық патриотизм принципінің элементі ретінде Негізгі Заңның 34-бабында бекітілген. Оған сай әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сондай-ақ, баршамызға Республиканың рәміздерін құрметтеу міндеті жүктелген. Конституция баптарын ұғынуда және оларды түсіндіруде, олардың сол немесе өзге бір мемлекеттің бүкіл аумағында және халықаралық қатынастар саласында үстемдігін және тікелей қолданылуын қамтамасыз етуде маңызды рөл конституциялық бақылау органдарына беріледі. Негізгі Заңда белгіленген өздерінің миссиясы мен функцияларын орындай отырып, олар қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жағын конституцияландыру үдерісіне белсене қатысады, заңнамада заманауи жүйелі бастаулар бекітілуіне септігін тигізеді, жаппай танылған және ұлттық құндылықтарды мемлекеттік құрылыста және құқықтық жүйеде іске асырады, адамның, мемлекеттің және қоғамның арасында өркениетті өзара қарым-қатынас дамуын ынталандырады. Конституциялық үдерістің белсенді қатысушысы болып табылатын Конституциялық Кеңеске осының бәрі де белгілі бір шамада тән деп пайымдаймыз. Өзінің нормативтік қаулыларында және Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы

жолдауларында Конституциялық Кеңес, мемлекет пен қоғамның толыққанды тыныс-тіршілігі үшін тұрақты заңнамалық іргетас жасау қажеттігін көрсете отырып, Қазақстанның конституциялық заңдылыққа негізделген құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына ерекше назар аударады. Ағымдағы жылы Негізгі Заңға және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулер Конституциялық Кеңестің қызметін одан әрі қарқындатуға септігін тигізетін болады. Енді Республика Президентіне адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдауға құқық берілген. Конституцияда және былай деп көзделген: Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың 91-баптың 2-тармағындағы «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді» деген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады. Соттардың өздерінің қарауында жатқан іс бойынша қолданылуға тиісті заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілер нормаларының конституциялығын тексеру туралы ұсыныммен Конституциялық Кеңеске жүгіну рәсімі жеңілдетілді. Ұсынымға төрағаның қол қоюы қажет деген талап алып тасталды. Енді өтінішке тиісті субъект қол қояды. Процестік заңнамаға сай бірінші сатыдағы соттарда істерді судья жеке өзі, ал апелляциялық және кассациялық тәртіппен – құрамына бірнеше судьяны енгізе отырып, алқалы түрде қарайды, олардың бірі төрағалық етеді. Сондықтан соттарға қатысты алғанда, өзінің қарауында іс жатқан судья, ал алқалы түрде қарағанда – төрағалық етуші судья ұсынымға қол қоятын тиісті субъект болып табылады. Бұл жаңа тәртіп сот төрелігін іске асыру кезінде судья тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады деп белгілейтін Конституцияның 77-бабының 1-тармағына сәйкес келеді. Қабылданған өзгертулер қолданыстағы заңнаманың ел Конституциясына сәйкестігі белгілі бір деңгейде өздеріне байланысты болатын соттардың белсенділігін барынша арттыруға ықпал етеді. Бүгінде еліміз заманауи конституционализмнің сәтті қалыптасуының үлгісі болып табылады. Негізгі Заңның мазмұны әр адамның, қоғамның және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-гуманитарлық және басқа са-

лалардағы қажеттіліктеріне, мемлекеттің басым бағыттарына сәйкес келеді. Жаңартылған Конституция нормасы шығармашылық және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдірудің негізі. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 437 Жарлығын орындау мақсатында Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 17 сәуірдегі №2 нормативтік қаулымен Негізгі Заңның бұрын қолданыста болған нормаларына негізделген өзінің бірқатар қорытынды шешімдерін қайта қарады. Жалпы, атқарылған жұмыс нәтижесінде Конституциялық Кеңес қайта қаралған 6 нормативтік қаулының күшін толығымен және 21 нормативтік қаулының күшін ішінара жойды. Конституциялық Кеңестің бұл шешімі конституциялық ережелердің мазмұнын қайта ұғыну үшін кең жол ашады. Ал қажет кезде оларға конституциялық реформаның нәтижелерін ескере отырып жаңадан түсіндірме берілуі мүмкін. Парламент Мемлекет басшысы бастама жасаған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңды қабылдап, сол арқылы Президент, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі, Үкімет, Конституциялық Кеңес, сот жүйесі және судьялардың мәртебесі, сайлау және республикалық референдум туралы конституциялық заңдарға тиісті түзетулер енгізіліп, сондай-ақ «Прокуратура туралы» жаңа заңды қабылдады. Сол арқылы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында заманауи заңнамалық база құрылды, ол ұлттық заңнаманың тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Еліміздің қолданыстағы Конституциясы жалпы мемлекеттік, жалпыұлттық және жалпы азаматтық қолдау шараларының жүйесін қажет етеді. Конституциялық жаңғырту – Конституцияның мәтінін түзету ғана емес, оның нормаларының мазмұнын уақыт талабына сай түсіндіру де екенін ұғыну қажет. Осы мақсатта әрбір мемлекеттік орган, азаматтық қоғам институты және азамат конституциялық нормаларды нақты мазмұнмен одан әрі толықтыра түсу үшін үнемі жұмыс істеуі тиіс.

Игорь РОГОВ, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы